

Алтай ауданы Северное ауылдық округінің Феклистовка ауылының көшесін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Северное ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 маусымда № 7146 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қортындысына сәйкес, Феклистовка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Северное ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтай ауданы Феклистовка ауылының Киров көшесі Қайнар көшесі болып қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының Северное ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін белгіленген тәртіппен;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Алтай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберу;

3) ресми жарияланғаннан кейін Алтай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Северное ауылдық округінің әкімі

Р. Мусоболінова